

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер еңгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 наурыздағы N 355 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер еңгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына еңгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер еңгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер еңгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат):

1) 61-бап мынадай мазмұндағы 14-тармақпен толықтырылсын:

"14. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін а л ы м . " ;

2) мынадай мазмұндағы 80-1-тараумен толықтырылсын:

"80-1-тарау. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік т і р к е у ү ш і н а л ы м

4 4 4 - 1 - б а п . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым (бұдан әрі - алым) кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеген кезде, сондай-ақ мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу)

куәландыратын құжаттың телнұсқасын алған кезде алынады.

2. Тіркеуді Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда көлік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тіркеуші орган) жүзеге асырады.

444-2-бап. Алым төлеушілер

Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотека шартын жасасқан жеке және заңды тұлғалар алым төлеушілер болып табылады.

444-3-бап. Алымды есептеу, төлеу және төленген сомаларды қайтару тәртібі

1. Алым сомасы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша есептеледі және тіркеуші органға тиісті құжаттар берілгенге дейін төленеді.

2. Алым сомасы тіркеу жүзеге асырылған жер бойынша бюджетке енгізіледі.

3. Алымды төлеген тұлғалардың тіркеуші органға тиісті құжаттарды бергенге дейін тіркеу жасаудан бас тартқан жағдайларын қоспағанда, төленген алым сомасын қайтару жүргізілмейді.

Бұл ретте қайтару көрсетілген тұлғаның тіркеу іс-әрекеттерін жасауға құжаттарын тапсырмағанын растайтын тиісті тіркеу органы берген құжатты төлеуші тапсырғаннан кейін жүргізіледі."

2. "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 ж. 1 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; N 20, 731-құжат; N 21, 783-құжат; N 23, 916, 928, 930-құжаттар; 2000 ж., N 21, 395-құжат; 2001 ж., N 1, 6-құжат; N 10, 123-құжат; N 23, 310-құжат; 2002 ж., N 18, 160-құжат; 2003 ж., N 14, 100-құжат) :

7-баптың 1-тармағының а) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын :

"кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу үшін алым;"

3. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат) :

1) 209-баптың 1-тармағындағы "тіркелуге" деген сөз "мемлекеттік тіркелуге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2) 211-баптың атауындағы "тіркеу" деген сөз "мемлекеттік тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын ;

3) 212-баптағы :

атауындағы, 1-тармақтағы, 2-тармақтың бірінші бөлігінің және екінші бөлігінің абзацындағы, 4 және 8-тармақтардағы "тіркеудің", "тіркегеннен кейін", "тіркеу", "тіркеген кезде" деген сөздер "мемлекеттік тіркеудің", "мемлекеттік тіркегеннен кейін", "мемлекеттік тіркеу", "мемлекеттік тіркеген кезде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "оны тіркеуден", "тіркеу талаптарына" деген сөздер тиісінше "оны

мемлекеттік тіркеуден", "мемлекеттік тіркеу талаптарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "тіркеу туралы куәлік" деген сөздер "мемлекеттік тіркеу туралы куәлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу үшін алым Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алынады.";

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын тіркеу туралы ақпарат беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.";

4) 214-баптың 1-тармағындағы "тіркелген" деген сөз "мемлекеттік тіркелген" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 217-баптың атауындағы және 1-тармағындағы "тіркеудің", "тіркеу" деген сөздер "мемлекеттік тіркеудің", "мемлекеттік тіркеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті